



«Robofest»-ке жасы 6-17 жас аралығында 100 жуық үміткер қатысты. Іс-шараны облыстық білім басқармасы «КазРоботикс» Федерациясының қолдауымен ұйымдастырып отыр.

Жас техниктер 4 категория бойынша жарысты: сызық бойымен жарыс кегельринг – квадро, робосумо және робофутбол. Робосумо категориясынан бірінші орынды қазалылық оқушы Кемал Серік иеленді. Кегельринг-квадро жарысынан қызылордалық Бакытбек Жандаулет пен Сайлыбаев Асылхан жеңіс торінен көрінсе, сызық бойымен жарыстан Іскендір Мағжан мен Абдуллаев Оралбек жеңімпаз атанды. Жеңімпаздар диплом және бағалы сыйлықтармен (сандық құралдар мен оргтехникамен) марапатталды.

Сондай-ақ, фестиваль аясында қатысушы мұғалімдерге арналған шеберлік сыныптар өткізіледі.

Облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов фестивальге қатысушыларды марапаттап, аймақта ІТ-саласы мен цифрландыру бойынша барлық қажетті шаралар қабылданып жатқанын айтты.

«Саланың маңыздылығын ескере отыра, біз 2017 жылдан бастап облыстағы 9 оқушылар үйінде робототехника үйірмелерін ашып, «3D зертханаларымен» жабдықтауды қолға алдық. Сондай-ақ, 25 инновациялық мектепте робототехника элективті курс ретінде

енгізілді. Елбасының биылғы халыққа Жолдауында қоғамның барлық салаларын цифрландыру, заманауи технологияларды ендіру жайында кенінен айтылғаны белгілі. Біз жана ХХІ ғасырдың мұнайы – білім, ақпарат, санды технологиялар екенін жақсы түсінуге міндеттіміз!», - деді Р.Рүстемов.

Айта кетейік, қазіргі таңда облыстағы 9 қосымша білім беру ұйымдарында 316 жас орен роботехника үйірмесіне қатысып, тәлім алуда.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы желтоқсан айында HackDay 2017 алғашқы аймақтық фестивалі ұйымдастырылды, оған 137 команда қатысты. Қатысушылардың идеялары, тіпті, Алматыдан, Астанадан келген инвесторлар қызығушылық танытуда.

Сырдарияның сол жағалауында заманауи жастар ресурстық орталығы мен IT-парк салынуда. Онда жас программистерге 20 жұмыс орны ашылады.

Бүгінде аймақ жастары Ресей Федерациясының Үкіметі есебінен және облыс әкімінің гранты негізінде жоғары сыранысқа ие мамандықтарды, оның ішінде IT саласындағы мамандықтарды игеруде. Одан бөлек, Татарстандағы «Иннополис» университеті мен «Microsoft» академиясымен әріптестік орнатылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі